

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 420 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері құрылсын.
2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері қайта ұйымдастырылсын.
3. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес орталық атқарушы органдардың аумақтық органдары, бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері қайта аталсын.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
5. Орталық атқарушы органдар мен Түркістан облысының және Шымкент қаласының әкімдіктері осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 11 шілдедегі
№ 420 қаулысына
1-қосымша

Құрылатын орталық атқарушы органдар – мемлекеттік мекемелердің аумақтық органдарының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 16.10.2018 № 645 қаулысымен.

1. "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі.
2. "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі.
3. "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көліктік комитетінің Шымкент қаласы бойынша Көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық департаменті" мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі.

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің "Шымкент қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті" мемлекеттік мекемесі.

10. "Шымкент қаласы бойынша Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті" мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 11 шілдедегі
№ 420 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының қайта ұйымдастырылатын аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 16.10.2018 № 645 қаулысымен.

1. "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесіне және "Шымкент қаласының Ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі.

2. "Шымкент қаласының Ішкі істер департаменті Абай ауданының Ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, "Шымкент қаласының Ішкі істер департаменті Әл-Фараби ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, "Шымкент қаласының Ішкі істер департаменті Еңбекші ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне және "Шымкент қаласының Ішкі істер департаменті "Қаратау" ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Шымкент қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

3. "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Мақтаарал ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті

Жетісай ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Мақтаарал ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

4. "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Сарыағаш ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Келес ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Сарыағаш ауданының Ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

5. "Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" мемлекеттік мекемесіне және "Шымкент қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" мемлекеттік мекемесі.

6. "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесіне және "Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі.

7. "Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Абай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне, "Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Әл-Фараби ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне, "Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Еңбекші ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және "Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті "Қаратау" ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Шымкент қаласының төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

8. "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Мақтаарал ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жетісай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Мақтаарал ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

9. "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Сарыағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Келес ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Сарыағаш ауданының төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. "Түркістан облысы Ішкі істер департаментінің емханасы бар госпиталі" мемлекеттік мекемесіне және "Шымкент қаласы Ішкі істер департаментінің емханасы"

мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің емханасы бар госпиталі" мемлекеттік мекемесі.

11. "Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесіне және "Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Оңтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі.

12. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

13. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Жетісай аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мақтаарал аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мақтаарал аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

14. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Сарыағаш аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Келес аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Сарыағаш аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылсын.

Қайта аталатын орталық атқарушы органдардың аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері, құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 16.10.2018 № 645 қаулысымен.

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Түркістан қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Түркістан қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне.
2. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Сайрам ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Сайрам ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне.
3. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Кентау қаласының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының ішкі істер департаменті Кентау қаласының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.
4. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Арыс ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Арыс ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.
5. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Бәйдібек ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Бәйдібек ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.
6. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.
7. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Ордабасы ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесін "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Ордабасы ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.
8. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Отырар ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесін "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Отырар ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.
9. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Созақ ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесін "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Созақ ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.
10. "Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Төлеби ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Ішкі істер департаменті Төлеби ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.

21. "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Созақ ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Созақ ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.

22. "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Төлеби ауданының төтенше жағдайлар бөлімшесі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Төлеби ауданының төтенше жағдай бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.

23. "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Түлкібас ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Түлкібас ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.

24. "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Шардара ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Шардара ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне.

25. "Оңтүстік Қазақстан облысының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы" мемлекеттік мекемесін "Шымкент қаласының және Түркістан облысының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне.

26. "Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаментінің жедел құтқару жасағы" (Шымкент қаласы) мемлекеттік мекемесі "Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесіне.

27. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысының Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

28. Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 16.10.2018 № 645 қаулысымен.

29. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арыс қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арыс қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

30. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Бәйдібек аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

43-1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

43-2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы әл-Фараби ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы әл-Фараби ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

43-3. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

43-4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Қаратау ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Қаратау ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

44. "Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті, Шымкент қаласы" мемлекеттік мекемесі "Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті, Түркістан қаласы" мемлекеттік мекемесіне.

45. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шымкент қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция

комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне.

46. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне.

47. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне.

48. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне.

49. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және жануарлар әлемі комитетінің Түркістан облыстық орман және жануарлар әлемі инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

50. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

51. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

52. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша аумақтық департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

53. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы Экология департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы Экология департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

54. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

55. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

56. "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне.

57. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Оңтүстікжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Түркістанжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

58. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне.

59. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы бойынша Өңіраралық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өңіраралық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне.

60. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысының Білім саласындағы

бақылау департаменті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Түркістан облысының Білім саласындағы бақылау департаменті" мемлекеттік мекемесіне.

61. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 11 шілдедегі
№ 420 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

2. "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 49, 627-құжат) :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 1-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері мен облыстардың, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны;"

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстардың, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының әкімдері:

1) жергілікті бюджеттерде бар қаражат шегінде, жұмыс істейтін қызметкерлер үшін заңнамада белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, осы қаулыға 1-қосымшада белгіленген штат санының лимиттері шегінде әкімдер аппараттары мен облыстардың, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының атқарушы органдарының штаттық кестелерін бекітсін;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Алматы, Астана және Шымкент қалаларының, қалада аудандары бар облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері қаладағы аудандардың әкімдері орынбасарларының шекті санын белгілесін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері және облыстардың, Алматы және Астана қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті санында:

мына:

"

Өңірлер	Барлығы, штат саны* (бірлік)	Облыстың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері орынбасарларының саны (бірлік)
---------	------------------------------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Өңірлер	Барлығы, штат саны* (бірлік)	Облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері орынбасарларының саны (бірлік)
---------	------------------------------	---

";

мына:

"

Оңтүстік Қазақстан	4573	5
--------------------	------	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Түркістан	4064	5
-----------	------	---

";

мына:

"

Астана қаласы	941	5
---------------	-----	---

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Шымкент қаласы	721	5
----------------	-----	---

";

мына:

"

ЖИЫНЫ	44381	80
-------	-------	----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

ЖИЫНЫ	44593	85
-------	-------	----

".

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесінде:

196-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"196. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.";

210-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"210. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.";

410-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"410. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.";

424-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"424. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.";

442-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"442. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Түркістан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі."

4. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 наурыздағы № 164 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 7, 82-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

"Оңтүстік Қазақстан облысы" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Түркістан облысы";

195-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"195. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы.";

209-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Шымкент қаласы

214. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы."

5. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

1-бөлімде:

мына:

"

1.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	159 256	
----	--	---------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	159 371	
----	--	---------	--

";

мына:

"

	Облыстардың бюджеттері мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың		
--	--	--	--

		бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы, оның ішінде:	46 878	
--	--	---	--------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

		Облыстардың бюджеттері мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы, оның ішінде:	46 931	
--	--	--	--------	--

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 15-1-жолмен толықтырылсын:

"

	15-1)	Шымкент қаласының Ішкі істер департаменті	2123	
--	-------	---	------	--

";

мына:

"

	16)	Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	4512	
--	-----	--	------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	16)	Түркістан облысының Ішкі істер департаменті	2442	
--	-----	---	------	--

";

4-бөлімде:

мына:

"

		Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, оның		
--	--	--	--	--

	4.	аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	4 125	
--	----	--	-------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	4 142	
--	----	---	-------	--

";

9-бөлімде:

мына:

"

	9	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	19862	
--	---	---	-------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	9.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере	19883	
--	----	--	-------	--

		отырып, оның ішінде:		
--	--	----------------------	--	--

"

11-бөлімде:

мына:

"

	11.	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	2584	
--	-----	---	------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	11.	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	2596	
--	-----	---	------	--

"

14-бөлімде:

мына:

"

	14.	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, оның аумақтық органдарын және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерін ескере отырып, оның ішінде:	916	
--	-----	--	-----	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	14.	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, оның аумақтық органдарын және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерін ескере отырып, оның ішінде:	938	
--	-----	--	-----	--

"

6. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 38, 553-құжат.):

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың құрылымын жылына 1 реттен көп емес, мына:";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері осы қаулының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тиісті құрылымдық бөлімшелерді құру, қайта ұйымдастыру кезінен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі мен өзге де мүдделі орталық мемлекеттік органдарды хабардар етсін.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын."

7. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 55-56, 544-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің қармағындағы мемлекеттік мекемелер – аумақтық органдардың тізбесінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.;"

мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"17. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша Экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер – аумақтық органдардың тізбесінде:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша аумақтық департаменті.;"

мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"17. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық департаменті."

8. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.

9. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдар – мемлекеттік мекемелердің тізбесінде:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополиялар, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті.;"

мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"17. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті.;"

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті.";

мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"17. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті."

10. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.03.2019 № 142 қаулысымен.

11. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 6. 41-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

ведомстволардың қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесінде:

"1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетінің аумақтық бөлімшелері" деген бөлімде:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Фармация комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті";

мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"17. Фармация комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті";

"3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық бөлімшелері" деген бөлімде:

197 – 209-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"197. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті

198. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арыс қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

199. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Бәйдібек аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

200. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Қазығұрт аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

201. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мақтаарал аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

202. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Отырар аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

203. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Ордабасы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

204. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Сайрам аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы;

205. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Сарыағаш аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы;

206. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Созақ аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы;

207. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Төлеби аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы;

208. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Түлкібас аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы;

209. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шардара аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы";

210 – 213-тармақтар алып тасталсын;

214 және 215-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"214. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Кентау қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы.

215. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Түркістан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы.";

мынадай мазмұндағы 215-1, 215-2, 215-3, 215-4 және 215-5-тармақтармен толықтырылсын:

"215-1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті

215-2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

215-3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

215-4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

215-5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Қаратау ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы".

12. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 ж., № 8, 46-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеде:

ведомствонның қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері" деген бөлімде:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті, Түркістан қаласы.";

мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"17. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті, Шымкент қаласы.".